

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттік қызметшінің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті және оның әлеуметтік-саяси мәні талданады. Көпшілік алдында шешен сөйлеу мәдениеті жалпыұлттық идеялардың жүзеге асуына ықпал ете отырып, біртектілік пен бірліктің нығаюына қызмет ететіндігі зерделенеді. Заманауи ахуалдағы мемлекеттік басқару жүйесінде кәсіби қарым-қатынастың тиімді дағдыларын меңгеру қажеттілігімен тіл шеберлігінің өзара байланысы психологиялық тұрғыдан қарастырылады.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару жүйесі, көпшілік алдында сөйлеу, сөйлесу мәдениеті, тиімді қарым-қатынас дағдылары.

Аннотация. В данной статье анализируется культура и социально-политическое значение профессионального общения государственных служащих. Культура публичного выступления рассматривается с точки зрения осуществления общенациональных идей и укрепления единства и идентичности. Необходимость освоения эффективных форм коммуникации в системе государственного управления обосновывается психологическими подходами к изучению особенностей языкового взаимодействия в современных условиях.

Ключевые слова: государственная служба, система государственного управления, публичное выступление, культура общения, навыки успешной коммуникации.

Abstract. In this article are analysed a culture and socio-political value of professional communication of civil servants. The culture of live performance is examined from the point of view of realization of national ideas and strengthening of unity and identity. The necessity of mastering of effective forms of communication for the system of state administration is grounded by the psychological going near the study of features of language cooperation in modern terms.

Keywords: government service, system of state administration, live performance, culture of communication, skills of successful communication.

JELcodes: F251 (that), H771 (live)

**ҚАБЫЛБЕКОВА
ЗӘУРЕТ БЕРДІҚҰЛҚЫЗЫ**

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығының директоры, п.ғ.д., профессор

**АХМЕТОВА
ӘЛИЯ ӘБІШҚЫЗЫ**

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығының оқытушысы

Сөйлеу мәдениеті әлеуметтік-саяси қызметтік қатынаста маңызды орын алады. Мемлекеттік органдар мен үкіметтің саясат, мәдениет, қоғамдық мәселелер жайлы сөйлеу мәдениеті әрбір азаматтың өмір сүру жағдайына айтарлықтай әсер ететін фактор болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің сөйлеу мәдениетіндегі кемшіліктер мемлекеттік басқару жүйесінің дамуына кері әсер етеді деуге болады. Өйткені, мемлекеттің ұстанған саясаты, қабылдаған реформалары мемлекеттік қызметшінің қатысуымен жүзеге асады.

Кәсіби мемлекеттік қызмет коммуникативтік қызмет саласы болғандықтан, онда жұмыс істейтін қызметкерлердің сөйлеу мәдениеті қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Ғалым О.А. Давыдованың зерттеу жұмысының нәтижесі көрсетіп отырғандай, мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақытының 50%-дан артығы іскерлік коммуникациямен өтеді екен. Ал, Н.Р. Нижниктің пайымдауынша, басшылар жұмыс күнінің 80%-ын вербалды қарым-қатынаспен өткізеді.

Біз мақалада мемлекеттік қызметшінің сөйлеу шеберлігі мен тіл мәдениетін әлеуметтік және саяси тұрғыдан қарастыруды мақсат еттік. Ал, мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігін арттыру мақсатында оның көпшілік алдында сөйлеуге психологиялық дайындығын және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби сөйлеу дағдыларын арттыруда оқытудың жаңа әдістерін енгізудің маңыздылығын зерделеуді міндет ретінде алға тарттық.

«Тіл мәдениеті» деп нені танымыз? Мәдениет деген сөздің семантикасында «дұрыстық», «түзулік», «тәртіптілік», «жүйелілік», «реттілік», «қисындылық», «сәйкестік» деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. Бірақ әңгіме ненің дұрыстығы, немен сәйкестігі, қандай реттілік, қандай тәртіптілік, ненің қисыны деген сияқты сұрақтарға жауап іздегенде, «тіл мәдениеті» деген құбылыстың заттық, ұғымдық мәні күрделі екендігі байқалады [1,25-б.].

Жалпы адам және оның қызметімен байланысты ортада мәдениет бар. Мәдениет – адамның ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін, өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесін қамтиды. Демек, сөз мәдениеті – тілдік норманы сақтау деген мәнге ие.

Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды: 1. Нормативтік белгілер (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы); 2. Этикалық белгілер – адамдардың қоғамдық ортада өзін ұстау ережелері; 3. Коммуникативтік белгілер – сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қасиетті тілін дұрыс қолдану көпшіліктің алдында жүрген мемлекеттік қызметшілерге үлкен сын. Өйткені, мемлекеттік қызметшінің сөйлеу мәдениеті халқымыздың бет-бейнесі, рухани болмысы. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В. Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның

өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған [2,31-б.].

Күнделікті өмірде қалың көпшіліктің алдында жүретін саяси тұлғалардың кездесулер мен мәжілістерде жасаған баяндамалары, БАҚ-та жариялаған мақалалары халықтың назарында болатыны рас. Тәуелсіз Қазақстан қоғамында телегей теңіз білімі айқын аңғарылып тұратын және сөз сапаларын сақтап сөйлейтін көптеген зиялы қауым өкілдерін білеміз. Тарихшы-ғалым Қамбар Атабаев: Меніңше, қазақ зиялылары сонау әл-Фараби, Жүсіпбек Баласағұндардан бастау алады. Бізде зиялылықтың мектебі болған. Кезінде Абай 20 жасында бүкіл би-шешендердің шығармаларын, тарихты жатқа білген. Бұл да үлкен парасаттылық. Сондықтан, зиялылар тарихы тереңде жатыр, – дейді [3].

Сөздің байлығы туралы сөз болғанда, екі жайды ескеру қажет болады: біріншіден, қай-қайсысымыздың да ана тіліміздің байлығын игеріп, пайдалана білуіміздің маңыздылығы; екіншіден, сол байлықты игере отырып, өз тарапыңнан ана тілінің баюына үлес қосудың қажеттігі туралы мәселе.

Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас жерлері кездеседі. Тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал, тілдің тазалығын бұзатын, оған нұқсан келтіретін факторлар аз емес [4, 114–137-бб].

Бонапарт: «Кімде кім дұрыс сөйлей алмаса, соның мансап жолы да дамымайды» дегенді алға тартады. Тұлғаның кәсіби қызметінде сауатты да шешен сөйлей білуі оның бұқарамен жақсы қарым-қатынас орнатуы, ел алдындағы саяси оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Ресми-іскери стильдің ауызша түріне түрлі жиналыстардағы, салтанатты мәжілістер мен құрылтайлардағы сөздерді, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің баяндамаларын, жарыссөздерді, мерейтойға байланысты ресми құттықтауларды және т.б. жатқызуға болады. Ауызша сөйлеу, әсіресе елшілік кездесулерде, мемлекет, мекеме қызметкерлерінің іскерлік қарым-қатынасында маңызды орын алады. Сондай-ақ қазіргі таңда ауызша ресми стиль жанрларының қатарына іскери әңгіме, қызмет бабымен телефонда сөйлесу, жұмыс барысы туралы ауызша есеп беру де жатқызылып жүр [5, 54-б].

«Сөйлеу – сізді тыңдап отырғанын, тыңдау – сізді түсінгенін, түсіну – сізбен келісетіндігін, келісу – оның орындайтынын білдірмейді», – деген Конрад Лоренцтің пікірі өте маңызды. Ғалым М. Серғалиевтің «Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасына ғана емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс», – деген пікірі тілдік қарым-қатынастың қоғамдық-әлеуметтік, саяси мәні бар ұғымды жеткізу керектігін қуаттайды.

Н.Ә. Назарбаев: Жаңа заман біздің өрісімізді кеңейтіп, жолымызды ұзартты. Тілімізге теңдік, ойымызға кеңдік берді. Алысты жақындатып, ұлттар мен ұлыстардың көшін іргемізге бұрып, 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының мерейлі бас қосуында жаңа мемлекет ретінде мәртебелі мінберден сөз ұзатсақ, БҰҰ-ның 2015 жылғы 70 жылдық торқалы тойында томағасы алынған туған тілімізде – қазақ тілінде баяндама жасап, Қазақ елінің атағы мен абыройын жаңаша асқақтаттық. Бұл бұрын түсімізге де кірмейтін жағдай еді ғой.

Мен саясаткер болғандықтан, көбіне осы міндет мінберінен сөз айтамын. Әр нәрсенің себебін, әрбір сөздің салмағын безбендеп, оны еліміздің мақсат-мүддесі тұрғысынан екшеп, елеймін. Онсыз болмайды, жеке «меннің» халықтық «менге», елдік пікірге ұласуы тұрғысынан сөз ұстаймын. Арқамда тұрған Алаштың мүддесін көздеп тіл қатамын [6,3-б.], – деген тұжырымды ойларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі салмақты сөзбен өрілген, іспен дәлелденген, биік парасаттылығымен айқындалатынына көз жеткіземіз.

Ұлт көшбасшысы – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы мінбедегі әрбір сөздерін, жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын жақсы бастап, жарасымды аяқтайды. Жолдауда айтылған аса терең текті ойлар ұлттық сананы қалыптастырып, ұлттық сананы асқақтатуға, қазақстандық патриотизмге үндейді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Ассамблея тарихы – ел тұрақтылығының тарихы» атты баяндамасында «Бақыт бағалай білгеннің ғана басында тұрады. Ең асыл қазынамыз – бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай білсек, барлық асулардан асамыз.

Мен халқымды Ассамблеяның алтын шаңырағын асқақтата түсуге үндеймін. Бірлік қағидасы – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналсын! Жүрегімізде Ұлы Отан – Мәңгілік Елге деген махаббат оты маздасын! Баянды болашаққа бірге қадам басайық! Ырысымыз тасып, айбынымыз аса берсін!

Елбасының: «Алға, Қазақстан!» деген түйін сөзі алшы түсер асыққа құйылған қорғасындай көңілге қона кетеді» – дейді жазушы С. Досанов [7,42].

... тілдік қатынас әлеуметтік идеялардың жүзеге асуына әсер ете келіп, бүтіндей қоғамның қалыптасуына қызмет етеді. Ол барлық саяси топтардың байланыстырушы құралы бола отырып, өзі де қоғамдық-әлеуметтік құбылысқа жатады [8,234-б].

Шенеуніктердің шет тілдерін еркін меңгеруі өзге мемлекеттердегі әріптестерімен тәжірибе алмасуға, жұмыс сапасын арттыруды зерделеуге, дипломатиялық келіссөздер

жүргізуге, мемлекеттік басқару жүйесін дамытуға оң ықпал етеді.

2016 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» күн тәртібімен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісі жария етілді. Онда: «Мәңгілік Ел, бұл – Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы. Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз. Біз мемлекеттік тілді қоғамды біріктірудің негізі, үштілділікті елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде дамыту қағидатын ұстанатын боламыз. Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасымыз. Мәңгілік Ел, бұл – Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Мәңгілік Ел, бұл – Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы» – деп жазылған.

«Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі ұлт туралы толғанысында: «Үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін меңгергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз осылай үш тұғырлы тілді қолдансақ, түбінде жолымыз ашық болады» деген еді.

Енді осы елдігіміз үшін аса маңызды мәселенің көтерілуіне негіз болған басты факторлар ауанына көз жүгіртетін болсақ, оларды сыртқы және ішкі деп екіге жіктеуге болады.

Алдымен сыртқы себептерге тоқталсақ, олар: әлемдік еркіндік, теңдік, ізгіліктену; бүгінгі әлемдік жаһандану мен интеграция үдерісі; бүгінгі техногендік өркениет кеңістігінің орнығуы; қазіргі әлемдік жаңа үрдістің қалыптасуының өзіндік ерекшелігі; адамдардың қоғамдық өмірде ана тілімен бірге басқа да шет тілінде сөйлеудің әлемдік тәжірибесі мен ежелден келе жатқан тарихи-әлеуметтік құбылыс болуы және т.б.

Ішкі факторлар: Қазақстан дүниежүзі халықтарына есігін айқара ашқан ашық қоғам, зайырлы мемлекет; мемлекеттің әлеуметтік-

экономикалық әлеуетін арттыру; мемлекетіміздің әлемдегі дамыған 50, 30 елдің қатарынан көріну; Қазақстан көпұлтты, көп конфессиялы мемлекет; еліміздегі қоғамдық келісімді қамтамасыз етудің басты факторы; елімізді бүкіл әлемде мәдениетті ел ретінде таныту; халқымыздың рухани дамуына сара жол ашу; интеллектуалды ұлтты қалыптастыру; ел мәңгілігін нығайту және т.б. [9].

Үш тұғырлы тіл саясаты шеңберінде мемлекеттік қызметшінің қазақ және орыс тілдермен қатар ағылшын тілінде шебер сөйлеу мәдениетін, жазу дағдысын еркін меңгеруі мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі факторы болумен бірге қоғамдық келісімнің, біртектілік пен бірліктің кепілі болмақ.

Ұлттық бірегейлік үрдісін қалыптастырудағы элита тобының рөлі мен орны ерекше. «Элита» термині француздың «elite» деген сөзінен шыққан, сұрыпталған, таңдалған, іріктелген деген мағынаны білдіреді. XX ғ. бастап ол сөз саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді.

Саяси демократияға бірнеше жағдайлар керек. Солардың ішінде қоғамда, әсіресе элиталық қауымда кең қанат жайған өзара түсіністік қана емес, жеткілікті мөлшерде бұқаралық сипатқа ие, мемлекетке экономикалық жағынан тәуелсіз орташа таптың, бұғанасы бекіген құқықтың, мәдениеттің, келісім мен мәмілеге бейімділіктің мәні зор.

... Мен бұл арада саяси элитаның маңызды мәселесіне айрықша тоқталғым келеді. Оның ойдағыдай қалыптасуы – ... мемлекеттік және ұлттық мүдделердің жымдасуы, тек жекелеген артықшылықтарды иемденген топтардың ғана емес, күллі халықтардың қауіпсіз және азат дамуы мүддесі ғана мемлекеттік мүдде болып табылатындығын жете ұғыну арқасында ғана жүзеге асады.


Элита тек жалпы ұлттық мүддені білдіру, оны дәл кескіндеу, сол арқылы халықтың өзін-өзі танып, бағалану дәрежесін көтеру қабілетімен ғана емес, соны ойдағыдай жүзеге

асырудың жолын табу қабілетімен де дараланып тұруға тиісті. Ол үшін бүгінгі таңдағы ең күрделі мәселе – күллі қоғамды алдында тұрған тарихи мәселені шешуге күн

сайынғы нақты әрекетпен ат салысуға жұмылдыра білу [10,153–164-бб].

Зерттеудің келесі әдістемесі тұлға аралық қатынас үлгілерін психологиялық тұрғыдан қарастыру болып табылады.

С. Л. Братченко араласудың 6 түрін қарастырады:




Қарым-қатынас тілі туралы жазатын ең табысты жазушылар болып табылатын Аллан және Барбара Пиздің кітаптарына, аудио, видеосабақтарына, жеке кеңестеріне премьер-министрлерден бастап, корольдік отбасылар

да жүгінетіні туралы БАҚ өкілдері жазып жүр. Олар қарым-қатынас барысындағы еш пайдасыз сөз тіркестерін жасап шыққан екен. Солардың бірнешеуіне тоқталсақ:

Сіздің сөздеріңіз	Әңгімелесушіңіздің сізден еститіні
Сондай сияқты/секілді	Сіз өз сөзіңізге сенімді емессіз немесе не туралы айтып отырғаныңызды білмейсіз
Не айтқым келгенін түсінген шығарсыз?	Сөзіңізге сенімді емессіз
Шынын айтсам... Сеніңіз... Шыны керек...	Өтірік қосып, асыра сілтеп айтатын, шынайы емес адамдар сөзіңіз басында осындай қыстырма сөздерді жиі қолданады
Өлбетте, бұл... Әрине...	Жаныңыздағы адамды келісімге келуге мәжбүрлейсіз
Мені басқаша/керісінше түсініп қалмаңыз	Жағымсыз нәрсе немесе қатап сын айтайын деп тұрсыз
Мен бұлай болғанын қаламаймын...	Сіз тура солай болғанын қалап тұрсыз немесе «Сізге дөрекі болып көрінгім келмейді» деген сөзден кейін көбі дөрекі іс-қимыл жасайды
Тырысып көремін	Бірақ мұның табысты болатынына сенімді емеспін
Бар күшімді саламын	Шын мәнінде күшім көп емес

Австралиялық ғалым Аллан Пиздің пікірінше, адамдар арасында вербалды қатынасқа қарағанда, бейвербалды қатынас арқылы ақпарат көбірек беріледі екен. Ол

ақпарат алмасушы түрлі элементтер арқылы жүзеге асатынын келесідей пайыздық көрсеткішпен дәлелдейді:



Сөйлеу байланысы адамдар арасында ақпарат алмасуға қызмет етсе, сол кезеңдегі сөйлеушінің жалпы әсері бейвербалды әрекеті арқылы көрініс табады. Қарым-қатынас барысында мимика, қол, дене қимылы арқылы ойды жеткізу әрекеті арта түседі.

Зерттеудің бір бағыты мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасындағы өзара қарым-қатынас тәртіптері болып табылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлықтың келесідей стандарттары бекітілген:

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты сыпайы нысанда жүргізуге тиіс. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметі мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

- мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;
- мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке жат сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

Сондай-ақ, әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беру, мәлімдеме жасауға байланысты мінез-құлық стандарттары туралы сөз қозғағанда журналистер туралы айтып өтпеске болмайды. Қазіргі қоғамда журналистер

сенсация іздеудің жөні осы екен деп саясаткердің сөзін әдейі бұрмалау, негізсіз, дәйексіз жала жабу белең алып барады. БАҚ-та лауазымды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату бойынша жазалау Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 129-бабында көзделген.

Азаматтың есімі оның абыройына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әдістермен немесе сондай нысанда бұрмаланған не пайдаланылған жағдайда Азаматтық кодекстің 143-бабында көзделген ережелер қолданылады. Оған сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін мағлұматтар жарияласа, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауаптарын тегін жариялауға құқылы. Бұқаралық ақпарат құралдарында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасамаса, сондай-ақ ол таратылған ретте, сотта қаралады.

Журналистер сюжет дайындау барысында, әсіресе мемлекеттік органдар мен шенеуніктер ақпарат беруден бас тартты деп жиі мәлімдеп жатады. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 20-бабы журналистке ақпаратты сұрастыруға және алуға құқық беретінін, ал 2-бабы мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымдық адамдарды әр азаматтың құқықтарына және мүдделеріне қатысты оны құжаттармен, ақпарат көздерімен танысуын қамтамасыз етуге міндеттейді. Осы заңның 18-бабы меншіктік нысаны мен қатынастылығына қарамастан кез келген БАҚ өкілдеріне ақпарат берудің теңдей шарттарын белгілегендіктен,

ақпарат таңдаулы түрде берілуі мүмкін. Журналистке ақпарат бермегендіктен, мемлекеттік орган немесе шенеунік оқырман қауымның (азаматтардың) ақпарат алуға конституциялық құқықтарын бұзады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындап берген «100 нақты қадамның» Кәсіби мемлекеттік аппарат құрудан басталуының өзі Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығының атқарар жұмыстары мен мақсаттарының сүбелі боларын көрсетеді.

Мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибеге бағытталған білім беруді қалыптастыру үшін оқу үдерісіне білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін үнемі енгізіп отыруды талап етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігін және халықпен өзара іс-қимыл мәдениетін, іскерлік келіссөздер жүргізе білу қабілетін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік қызметшілерге қосымша білім беру институты ұсынған оқу жоспарына сәйкес ОҚО әкімі аппараты Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығының біліктілігін арттыру және қайта даярлау семинарларының бағдарламаларына: «Басшы этикасы», «Қоғаммен өзара байланыс. Көпшілік алдында сөйлеу», «Коммуникативтік дағдылар. Топпен жұмыс жасау», «Тиімді презентация өткізу дағдылары» тақырыбындағы пәндері енгізілген. Аталған дәрістердің сапасын арттыру мақсатында, орталық оқытудың озық үлгілерін үнемі енгізіп отырады. Солардың біріне тоқталып өтсек, американдық педагог Эдгар Дейлдің (Edgar Dale) «Тәжірибе конусы» әртүрлі құралдарды немесе оқыту мазмұнын «тасымалдаушыларды» пайдалану арқылы білім берудің түрлі нәтижелеріне қол жеткізуге болатындығын көрсетеді (3-сурет).

3-сурет. «Тәжірибе конусы»



Жоғарыда көрсетілген тәжірибе конусына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында ОҚО әкімі аппараты Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығы бірнеше мәдени-зияткерлік шараларды қолға алды. Тыңдаушыларға дәстүрлі тәжірибелік және практикалық дәрістер, тренингтер өткізумен бірге Әдет-ғұрып, салт-дәстүр орталығында, ОҚО тарихи-өлкетану музейінде, ОҚО тілдерді дамыту, мұрағаттар мен құжаттама басқармасында көшпелі дәрістер өткізілді. Мемлекеттік қызметшілер облыстық театрлардың қойылымдарын арнайы барып тамашалады. Мемлекеттік мерекелер қарсаңында орталықта біліктілігін арттырып жүрген мемлекеттік қызметшілер арасында зияткерлік сайыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Атқарылған шаралар мемлекеттік қызметшілердің кез келген тақырып бойынша ресми сөйлеу мәнерін қалыптастыруға оң нәтижесін беріп отырғанын көрсетеді. Тыңдаушылар курс соңындағы жоба жұмыстарын жария түрде қорғау кезінде ақпаратты талдауы, шешендігі қалыптасып, кәсіби салаға бағытталғаны байқалады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметшінің сөйлеу тазалығы, логикалылығы, тіл байлығы, қисындылығы, мәнерлілігі қағидаларын меңгеруі кәсіби мемлекеттік аппарат құруда маңызды алғышарттардың бірі. Өйткені, мемлекеттік қызметшінің кәсіби саласында сауатты жазу және шебер сөйлеу мәдениеті мемлекеттік басқару жүйесінің жетілуіне және қоғамның дамуына оң әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Әдебиеттер

1. Р. Сыздықова Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) – Көп томдық шығармалар жинағы/ 8 том. Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 255б.
2. Е. Ақшолтақов Шешендік өнердің халықтық сипаты // Мәдениет №12(39), 2009.
3. Ақбота Исламбек. //Ұлт зиялылары деп кімдерді айтамыз?//<http://old.qamshy.kz>.
4. М. Балақаев, М. Серғалиев Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2004. 114–137-беттер).
5. М. Қанабекова. Қазақ тілі стилистикасының негіздері. Алматы: «Қыздаруниверситеті» баспасы. – 2013. – 257-б.
6. Н. Назарбаев. Ұлы Дала Ұлағаттары. Егемен Қазақстан №180(28908), 21 қыркүйек, сәрсенбі, 2016 ж. – 12-б.
7. С. Досанов. Инемен қазылған құдық. – Алматы: «Арда». – 2015. –131-б.
8. Ф. Оразбаева. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Анарыс, 2009. 364-б.
9. Дәулетбек Раев.//Өлемдік өркениетке лайық бастама//. <http://anatili.kazgazeta.kz/>